

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 ақпандағы N 110 қаулысына  
толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 тамыздағы N 747 Қаулысы

**Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардал шеккен азаматтарға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 ақпандағы N 110 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2006 ж., N 6, 49-құжат) мына дай **толықтыру енгізілсін:**

көрсетілген қаулымен бекітілген Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардал шеккен азаматтарды тіркеу, оларға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу ережесінде:

мына дай мазмұндағы 22-1-тармақпен толықтырылсын:

"22-1. Бас бостандығының айыру орындарында жазасын өтеп жүрген адамдарға өтемақы төлеу сотталғандардың жазасын өткеру жері бойынша мемлекеттік мекеменің жеке немесе занды тұлғаның мемлекеттік мекемеге алғашқы талап ету бойынша немесе қандай да бір мерзімнен кейін, толық немесе бөліп-бөліп, алдын ала келісілген үстемеақысымен не онсыз, тікелей жеке немесе занды тұлға қайтаруға не тиісті республикалық немесе жергілікті бюджеттерге берілуге тиіс болу-болмауына қарамастан, оларды номиналды түрінде қайтару шарттарымен беретін ақша бойынша операцияларды есепке алу үшін қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына қаражатты аудару жолымен жүргізіледі (бұдан әрі - жеке және занды тұлғалардың ақшасын уақытша **орналастыру** ҚБШ).

Мемлекеттік мекеменің жеке және занды тұлғалардың ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ-сына қаражат түскен кезде қылмыстық-атқару жүйесінің мемлекеттік мекемесі өтемақы сомасын сотталғандардың жеке шоттарына аударады, бұл ретте өтемақы сомасынан ұстаулар жүргізілмейді.

Сотталғандардың жеке шоттарына есепке алынған өтемақы сомалары бойынша өтемақы төлеу жөніндегі үйим мен қылмыстық-атқару жүйесінің мемлекеттік мекемесі арасында салыстырып тексеру актілері жасалады".

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*K. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК